«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ»
республикалық мемлекеттік мекемесі

Республиканское государственное учреждение
«ДЕПАРТАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО ГОРОДУ ШЫМКЕНТ КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

09.06.2025
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 309
город Шымкент

Қаржы басқарушыны тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының 23 бабының 1 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Айсұлу Дәуренбекқызы Дәулеттің арызы бойынша қаржы басқарушысы болып Болат Муратович Агубаев тағайындалсын.

2. Қаржы басқарушы Б.М.Агубаев «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқарманың басшысы А.Зеевке жүктелсін.

Негіздеме: Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 22.05.2025 жылғы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы бойынша іс қозғау туралы ұйғарымы.

Басшы **Б.Қарымсақов**

0011756

«Қаржы басқарушыны тағайындау туралы»
(бұйрықтың атауы)

Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің
2025 жылғы «09» 06 № 309 бұйрығының келісім парағы

Атауы	Құрылымдық бөлімшелер атауы	Жауапты тұлғалардың аты-жөні	Жауапты тұлғалардың қолы, күні
КЕЛІСУ	Басшының орынбасары	Ж.Акаев	
	Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысы	А.Зеев	
ӘЗІРЛЕГЕН	Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының бас маманы	Г.Даниярова	

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 22 мамыр Шымкент қаласы

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы А.М.Абжанова арызданушы Дәулет Айсұлу Дәуренқызының сот арқылы банкроттық рәсімімен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызымен танысып,

АНЫҚТАДЫ:

Арызданушы сотқа жоғарыда аталған арызымен жүгінген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай АПК) 26-бабына сәйкес талап қоюы Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотында қаралуға және шешілуге жатады.

Талап қою арызы қазақ тілінде берілгендіктен АПК-нің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот ісін жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленеді.

Істің уақтылы және дұрыс шешілуін қамтамасыз ету мақсатында оны сот талқылауына дайындау жөніндегі процестік әрекеттерді жүргізу қажет.

АПК-нің 14, 150, 164 – 166, 172-баптарын басшылыққа ала отырып

ҰЙҒАРДЫ:

Арызданушының арызы Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының іс жүргізуіне қабылдансын.

Арызданушы Дәулет Айсұлу Дәуренқызының сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалсын.

Іс бойынша сот ісі қазақ тілінде және электрондық форматта жүргізілсін.

Уәкілетті органның ұйғарым шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындау міндеті, сондай-ақ борышкердің, мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көзделген салдарды орындау жөніндегі міндеттері көрсетіледі.

Борышкердің мүліктік массасына түгендеу жүргізу үшін оған қаржы басқарушысының қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша борышкер міндеттелсін.

Сот ұйғарымының көшірмелерін борышкерге, уәкілетті органға және борышкердің тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органына және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына жолдансын.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап мынадай салдар басталады:

Құжатқа қол қойылған: Абжанова А. М., 22.05.2025

1) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;

7) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;

8) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің шеңберінде ғана қойылуы мүмкін;

9) борышкердің мүлкіне қатысты соттардың бұрын қабылданған шешімдерінің орындалуы тоқтатыла тұрады;

10) мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен ұйымдардың борышкер мүлікті беруге, мүліктік міндеттемелерді төлеуге немесе өзге де тәсілмен орындауға міндетті болатын шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2), 3), 7), 8) және 9) тармақшаларының ережелері алименттер туралы және өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарға қолданылмайды.

Борышкер үшінші тұлғалардың кепілдігімен, кепілгерлігімен немесе кепілімен қамтамасыз етілген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау кредитордың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы істің шеңберінен тыс борышкердің орындалмаған міндеттемелері бойынша кепілдік етушілерге, кепілгерлерге және кепіл берушілерге талаптар қою жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыруына кедергі болмайды.

Құжатқа қол қойылған: Аожанова А. М., 22.05.2025

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінде қаржы басқарушысының сыйақысы борышкердің қаражаты есебінен төленсін.

Осы істі сот талқылауына дайындау үшін мына процестік әрекеттер жүргізілсін:

1. Уәкілетті орган соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қозғау туралы ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы тағайындайылсын.
2. Қаржы басқарушысын азаматтық іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде сотқа қорытынды беруге міндеттеу.
3. Қаржы басқарушысын істі қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі хабарландыруларды интернет-ресурста орналастыру үшін екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жіберуге міндеттеу.
4. Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында жариялауға міндеттелсін.
5. Уәкілетті орган сотқа қаржы басқарушысының тағайындалғанын растайтын құжаттарды ұсынсын.
6. Қаржы басқарушысы уәкілетті органға жолданғанын растайтын қорытынды мен құжатты ұсынсын.
7. Борышкерге, мемлекеттік және өзге де органдарға, сондай-ақ мемлекеттік корпорацияға банкроттық туралы іс қозғау салдарының орындалғанын растайтын құжат ұсынылсын.
8. Тараптарға Заңның 4-тарауының тәртібімен бітімгершілік келісім жасасу мүмкіндігі туралы түсіндірілсін.
9. Істі сот талқылауына дайындау нәтижелері бойынша 2025 жылғы 6-маусымда сағат 16.00-де тараптардың, өкілдердің қатысуымен алдын ала сот отырысы өткізілсін.

Судья А.М.Абжанова

Құжатқа қол қойылған: Абжанова А. М., 22.05.2025